

## Гүлдері.

Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау, жинау,  
кептіру, сақтау ерекшеліктері.

# Жоспар

- Кіріспе
- микроскоп құрылысы
- Дәрілік өсімдік шикізаттарын жинау
- Дәрілік өсімдік шикізаттарын кептіру
- Дәрілік өсімдік шикізаттарын дайындау
- Дәрілік өсімдік шикізаттарын сақтау
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер

- **Дәрілік өсімдік шикізаттары (ДӨШ)** – бұл медицинада қолдануға рұқсат етілген, химиялық өңдеуден өтпеген бүтін дәрілік өсімдіктер немесе оның бөліктері. ДӨШ ретінде кептірілген кейде жас балғын түрінде дәрілік зат ретінде немесе фитопрепараттар алу үшін, сонымен қатар дәрілік белсенді заттарды бөліп алу үшін пайдаланады.



- **ДӨШ дайындау** – бұл кезекті этаптардан тұратын үрдіс: жинау, алғашқы өңдеу, кептіру, стандартты жағдайға келтіру, орамдау, сақтау. Барлық этаптар шикізаттарда сапасы және нормативті құжаттардың талаптары сақталатындай етіліп жүргізілуі тиіс.



- Дәрілік өсімдік шикізатының сапасы белгілі бір талаптар мен нормаларға сай болуы керек. Бұл нормаларда мемлекеттік органдар құжат ретінде құрады және олар стандарттар деп аталады.



- Дәрілік өсімдік шикізаттарына фармакопеялық баптар мен уақытша фармакопеялық баптар келесі құрылымдардан тұрады. Баптардың басында шикізаттың латынша, орысша және қазақша аттары беріледі. Бұдан ары өндірілетін өсімдіктері (орысша, латынша, қазақша), жинау уақытысы, тағайындалуы және қолданылатын аймағы беріледі.

# Дәрілік өсімдік шикізаттарын жинау

- Дәрілік өсімдік шикізаттарын ондағы фармакологиялық белсенді заттардың ең көп мөлшері жиналған вегетация кезеңінде жинайды. Өсімдіктерді онтогенезде зерттеу негізінде олардың жинауға қолайлы кезеңдері анықталады. Өсімдіктерді жинау кезеңі елдің географиялық зоналарына және ауа райына байланысты. Жиі жағдайда шикізатты жинауды күннің белгілі бір мезгіліне белгілейді. Өсімдіктің әр түріне шикізат жинау ережелері бекітілген.

# Гүлдері

**Гүлдері.** Гүлдерді толық гүлдегенде немесе гүлдеу барысында жинайды. Гүлді шикізаттарды жинау техникасы гүлдердің өлшеміне, орналасуына (жеке гүлдері немесе гүл шоғыры), гүл шоғырының типіне және т.б. байланысты. Сиыр құйрықтың гүл тәжін оларды гүлінен қолмен жұлып алады, ырғайдың гүлдерін – қалқанша гүл шоғырын кесіп жинаған дұрыс



- **Дәрілік өсімдік шикізаттарын кептіру** дегеніміз оларды сорғытып құрғату арқылы консервілейтін спецификалық әдіс.



- Гүлдерді кептіру барысында бүтіндігін сақтау үшін араластырмай, барынша жұқа етіп жаяды;



## **Улы және күшті әсер ететін өсімдік шикізаттарын дайындаудағы ерекше жағдайлар:**

1. Дайындауды фармацевт немесе арнайы білімі бар адам жүргізеді;
2. Дайындауға тек кәмелеттік жасқа толған тұлғалар жіберіледі;
3. Дайындауға бөтен тұлғалар мен балалар жіберілмейді;

Дайындау кезінде тамақтануға, көз бен бетті қолмен ұстауға және т.б. қатаң тиым салынады;

4. Бір уақытта улы және күшті әсер ететін өсімдік шикізатының бір түрін ғана дайындауға рұқсат етіледі;
5. Жинаушы тұлғалар берілеген өсімдік шикізатымен улану жағдайында көрсетілетін алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету шаралары жайында хабардар болуы тиіс!



**ДӨШ – ті сақтау** - бұл шикізатқа қойылған жарамдылық мерзімінде оның сапалылығын қамтамасыз ететін процесс.

Шикізат сақталуы тиіс:

- НТҚ талаптарына сәйкес орамдалған күйде;
- Құрғақ, таза, жақсы желдетілетін, қойма зиянкестерінен зарарсыздандырылған, күн көзінің тікелей түсуінен қорғалған қоймалық бөлмелерде;
- Сақтау бөлмелері :
  - уақытша (навестер, қоймалар, шатырлар)
  - тұрақты (арнайы жабдықталған қоймалық бөлмелер).

Қоймада болуы міндетті:

- Құжаттарды рәсімдеу, орамдау, маркирлеу сапасын бақылау, анализге сынама алу жүзеге асырылатын қабылдау бөлмесі;
- зиянкестермен зақымдалған шикізаттарды уақытша сақтау изоляторы;
- Стандартқа сай емес шикізатты өңдеу және уақытша сақтау бөлмесі;
- Әртүрлі топ шикізаттарын сақтауға арналған бөлмелер.



## Дәрілік түймедақ

Дәрілік түймедақ – биіктігі 35-40см –ге жететін бір жылдық шөптесін өсімдік, тамыры нәзік,білеу. Бірен-саран бұтақталған сабақтары бар, күрделі екі-үш қауырсынды тілімделген жапырақтары сабақтарында кезектесіп орналасқан.Тілімделген жапырақшалары жіңішке жіп тәрізді, төменгі жапырақтары сабақтарын жартылай қоршап жатады. Гүлдері өте көп, себет немесе кәрзенке гүл шоғырын түзеді.Гүлдері тұтас немесе біршама үгітілген жартылай шар тәрізді гүлсебеттерден тұрады, гүл сағақтары 3см-ге дейін болады, кәрзенкелері шеткі тілше және ортанғы сары түтікше гүлдерден тұрады. Гүл тұғыры қуыс, жартылай шар тәрізді немесе конус тәрізді. Себеттердің тілше гүлдері ақ түсті, түтікше гүлдерінікі сары, иісі күшті жұпар иісті, дәмі татымды, ащылау.



# Салаубас

(лат. *Helichrysum*) – [астралылар](#) тұқымдасына жататын бір жылдық және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. [Қазақстанның](#) жазық, тастақты жерлерінде, құм топырақты қуаң далаларында және теңіз деңгейінен 600 — 2500 м биіктікте өсетін 2 түрі: [құм салаубасы](#) (*Helichrysum arenarium*) және [Самарқан салаубасы](#) (*Helichrysum marasandicum*) бар. Бұлардың биіктігі 15 — 50 см. Ағаш тамырлы өсімдіктің бірнеше сабағы болады. Тамырына жақын орналасқан жапырақтары ұзынша, жұмыртқа пішіндес сопақ, ал жоғарғылары қияқ тәрізді, бүтін жиекті болады. Өсімдіктің сыртын түгелдей түк жапқандықтан сұрғылт болып көрінеді. Сары не қызғылт-сары түсті ұсақ гүлдері шар тәрізді, жеке-жеке өсіп, себет гүлшоғырына топталған. Маусым — тамыз айларында гүлдеп, шілде — қазанда жемісі піседі. Жемісі — тұқымша. Салаубастың құрамында [флавоноидтар](#), [флавоноид глюкозидтері](#), [эфир майы](#), [стеарин қосындылары](#), илік және бояғыш заттар, шайыр мен [каротин](#) бар. Салаубастың гүлдері [халық медицинасында](#) ертеден дәрілік мақсатта қолданылып келеді. Оны шетенмен, [шайқураймен](#), күнбағар гүлімен, жүгерімен қосып, бауыр және өт жолдарының ауруларын ([холециститті](#)) емдейді, асқазан қышқылы азайған жағдайда ішеді. Сондай-ақ, салаубастың гүлін кептіріп, гүлшоғын (букет) жасайды, олардың гүлі ұзақ уақыт солмай, жақсы сақталад





# Қырмызыгүл

- [қашқаргүлдер](#) тұқымдасына жатады. Тұқымдасында 30-ға жуық түрі Жерорта теңізінің жағалауында таралған. Көбінесе ол біржылдық өсімдік. Қырмызыгүлдің өзіне тән жұпар иісінен алыстан тануға болады. Көгалдандырудан гөрі емдік мақсатта өте ерте заманнан қолданылып келеді. Біржылдық гүлдердің ішінде жер талғамай тұқымы шашылып өздігімен де шыға беретін гүлдің бірі. Биіктігі сұрпына қарай 15-75 см аралығында болады. Сабақтары қырлы, жабысқақ түкті болып келеді. Гүлдері сабағына тығыз орналасады. Жай күлтелі және гүлпарлы болып екіге бөлінеді. Диаметрі 4-10 см аралығында. Түсі солғын сарыдан, қызғылт сары түске дейін болып келеді.



# Қорытынды

Дәрілік өсімдік шикізаттарын қабылдау және оның сапасы мен өзі екендігін талдауды МФ талаптарына сәйкес жүргізгенде тұтынушыларды сапалы дәрілік өсімдіктермен қамтамасыз ете аламыз.



# Пайдаланған әдебиеттер

- *Махатов Б. Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. Фармакогнозия: оқулық.– Шымкент. – 2011. – 492б.*
- *2. Орынбасарова, К.К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау: оқу құралы / К. Орынбасарова. - Шымкент : "Kitan" ЖШС баспасы, 2016.*
- *3. Келімханова С.Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы : мед. Жоғары оқу орнының фарм.фак.мен фарм.колледждерінің студенттеріне арналған оқу құралы- Қарағанды: ЖК «Ақнұр», 2014.*
- *4. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдіктер шикізаттары: Фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы/ Джангозина Д.М.– Алматы: – Эверо, 2014. – 90 экз.*
- *5. Муравьева Д.А., Самылина И.А., Яковлев Г.П. Фармакогнозия. Учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ОАО Издательство «Медицина», 2010. – 656 с.: ил.*
- *ое*
- *растительное сырье/ МЗ СССР. – 11-е изд., доп. – М.: Медицина, 2011– 400 с.*